

ӘОЖ 81:37.016; МҒТАР 16.01.45  
<https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.17>А. РАЕВА<sup>1</sup>, Г. ЖЫЛҚЫБАЙ<sup>2</sup>✉<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты  
(Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.), e-mail: asem\_raeva@mail.ru  
<https://orcid.org/0000-0001-7445-8979><sup>2</sup>филология ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: gulimzhan.zhylkybay@ayu.edu.kz  
<https://orcid.org/0000-0002-1950-8686>**«ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ» КОНТЕКСІНДЕ  
ТҮРКІ ТІЛДЕРІН ҮЙРЕТУДІҢ МАҢЫЗЫ  
(қазақ және түрік тілдерінің оқулықтары бойынша)**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ және түрік тілдерін оқытуда «тіл және мәдениет» контексінің өзектілігі қарастырылады. Мақаланың негізгі бөлімінде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері тақырыпқа сай зерделеніп, мәдениет пен тіл арасындағы ажырамас байланыс талқыланады, соның негізінде тіл арқылы мәдениетті, мәдениет арқылы тілді оқытудың маңыздылығы айқындалады. Зерттеу нысаны ретінде қазақ және түрік тілдерінің оқулықтары алынды. Түрік тілдерін үйретуге арналған оқулықтар бойынша тіл үйренушіге ұлттық-мәдени лексиканы, соның ішінде зоонимдік лексиканы оқытудың маңызына, атап айтқанда, зоонимге қатысты мәтін түрлерінің (негізгі, қосымша, түсіндірме) қамтылуы, соған байланысты материалдардың (жаттығулар мен тапсырмалар, талдау, синтездеу, іріктеу және жүйелеуге арналған сұрақтар) берілуі, зоонимге қатысты мәтіндерге берілген тапсырмалардың түрлері (шығармашылық, практикалық, жобалық, практикаға бағдарланған) бойынша статистикалық талдау жасалады. Зоонимдік лексиканы меңгерту арқылы тіл үйренушілердің тілдік дағдысын қалыптастыра отырып, тіл иесінің мәдени өмірін танытудың, меңгерудің әдіс-тәсілдерін талдау, талқылау *зерттеу маңыздылығын* көрсетеді. *Зерттеу нәтижесінде* түркі халықтарының лексикалық қорындағы жан-жануарлар атауына қатысты ұғым-түсініктерді меңгерту, үйрету кезінде ұлт өмірінің мәдени дерегімен бірге қарастырылуы маңызды деген тұжырым жасалды. Статистикалық талдау нәтижесіне сәйкес, қазақ және түрік тілдерін үйретуге арналған оқулықтарда жануарлар әлеміне қатысты мәдени танымдық мәтіндер және мәтін бойынша тапсырмалар көбірек берілсе деген ұсыныс жасалды. «Тіл және мәдениет» сабақтастығы негізінде қазақ және түрік тілдерін оқыту бүгінгі білім беру парадигмаларына лайық деп танылды.

**Кілт сөздер:** лингвомәдениеттану, лингвомәдени танымдық оқыту, зоонимдік лексика, зоонимдік код.

**\*Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Раева А., Жылқыбай Г. «Тіл және мәдениет» контексінде түркі тілдерін үйретудің маңызы (қазақ және түрік тілдерінің оқулықтары бойынша) // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2022. – №2 (124). – Б. 207–220. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.17>

**\*Cite us correctly:**

Raeva A., Jylqybai G. «Til jane madeniet» konteksinde turki tilderin uiretudin manyzy (qazaq jane turik tilderinin oqulyqtary boiyinsha) [The Importance of Teaching Turkic Languages in the Context of «Language and Culture» (According to Textbooks of Kazakh, Turkish)] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2022. – №2 (124). – B. 207–220. <https://doi.org/10.47526/2022-2/2664-0686.17>

**A. Rayeva<sup>1</sup>, G. Zhylkybay<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD Doctoral Student of L.N. Gumilyov Eurasian National University  
(Kazakhstan, Nur-Sultan), e-mail: asem\_raeva@mail.ru,*

<sup>2</sup>*Candidate of Philological Sciences, Professor  
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University  
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: gulimzhan.zhylkybay@ayu.edu.kz*

### **The Importance of Teaching Turkic Languages in the Context of «Language and Culture» (According to Textbooks of Kazakh, Turkish)**

**Abstract.** This article examines the relevance of the context «language and culture» in teaching the Kazakh and Turkish languages. The main part of the article examines the works of domestic and foreign scientists on the topic, discusses the inextricable link between culture and language, on the basis of which the importance of teaching culture through language, language through culture is determined. Textbooks of the Kazakh and Turkish languages have been taken as objects of research. According to textbooks for teaching the Turkic languages, a statistical analysis of the significance of teaching national and cultural vocabulary, including zoonymic vocabulary, has been carried out, in particular, the content of texts (basic, additional, explanatory) related to zoonyms, the availability of related materials (exercises and tasks, analysis, synthesis, selection and questions for systematization), types of tasks for texts (creative, practical, project, practice-oriented) related to zoonyms. The analysis and discussion of ways of expressing and studying the cultural life of a native speaker forming language skills in language learners through the development of zoonymic vocabulary shows the importance of the research. As a result of this research, the conclusion is made about the importance of taking into account the cultural life of the nation when studying concepts related to animal names in the lexical fund of the Turkic peoples. According to the results of statistical analysis, it is proposed that textbooks for teaching the Kazakh and Turkish languages include more culturological texts and text tasks related to the animal world. Teaching Kazakh and Turkish languages on the basis of the relationship between «language and culture» is recognized as worthy of today's educational paradigms.

**Keywords:** linguoculturology, the science of culture, zoonymic vocabulary, zoonymic code.

**А. Раева<sup>1</sup>, Г. Жылкыбай<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*PhD докторант Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева  
(Казakhstan, г. Нур-Султан), e-mail: asem\_raeva@mail.ru*

<sup>2</sup>*кандидат филологических наук, доцент  
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави  
(Казakhstan, г. Туркестан), e-mail: gulimzhan.zhylkybay@ayu.edu.kz*

### **Значение преподавания тюркских языков в контексте «языка и культуры» (по учебникам казахского, турецкого языков)**

**Аннотация.** В данной статье рассматривается актуальность контекста «язык и культура» в обучении казахскому и турецкому языкам. В основной части статьи исследуются работы отечественных и зарубежных ученых по теме, обсуждается неразрывная связь между культурой и языком, на основании чего определяется важность обучения культуре через язык, языку через культуру. В качестве *объектов исследования* были взяты учебники казахского и турецкого языков. По учебникам для преподавания тюркских языков был проведен статистический анализ значительности обучения национально-культурной лексике, в том числе зоонимической лексике, в частности, содержание текстов (основных, дополнительных, пояснительных), связанных с зоонимами, обеспеченность сопутствующими материалами (упражнения и задания, анализ, синтез, отбор и вопросы для систематизации),

типы заданий к текстам (творческих, практических, проектных, практико-ориентированных), связанным с зоонимами. Анализ и обсуждение способов выражения и изучения культурной жизни носителя языка формируя языковые навыки у изучающих язык посредством освоения зоонимической лексики показывает *важность исследования. В результате исследования* сделан вывод о важности учета культурной жизни нации при изучении понятий, связанных с названиями животных в лексическом фонде тюркских народов. По результатам статистического анализа предложено, чтобы учебники для обучения казахскому и турецкому языкам включали больше культурологических текстов и текстовых заданий, связанных с животным миром. Преподавание казахского и турецкого языков на основе взаимосвязи «языка и культуры» признано достойным сегодняшних образовательных парадигм.

**Ключевые слова:** лингвокультурология, лингвокультуроведение, зоонимическая лексика, зоонимический код.

### Кіріспе

XXI ғасырда тілді оқыту бағыты өзгеруде. Тілді оның мәдениетімен бірге зерделеудің теориялық және әдістемелік негізі ғалымдардың зерттеу нысанына алынып, тіл білімінде лингвомәдениеттану және лингвомәдениеттанымдық оқыту салалары қалыптасты. Кез келген тілді оның мәдениеті арқылы оқыту лингвомәдени бағыттың негізі ретінде тұжырымдалды. Бұдан бұрын тілдің грамматикалық құрылымын, сөздік қорын игеру маңызды болса, бүгінгі күні тіл үйренушілердің қызығушылықтарын ояту, тілді меңгерудің ұтымды әдіс-тәсілдерін қолдана отырып, лингвистика мен мәдениеттану бірлігінде қатысымдық бағдарлы оқыту мәселесі алдыңғы қатарға шықты. Сәйкесінше лингвомәдени бағытта тілді оқыту бүгінгі қоғам талаптарына сай келіп, мәдени білім негізінде тілдік білім мен коммуникативтік дағдыларды да игеруге болатындығы анықталуда.

Кез келген оқулықта мәдениет екінші тілді үйрену мен оқытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде толығымен қамтылуы тиіс. Жаңа бір тілді еркін әрі тиімді меңгерудің бірде-бір жолы ретінде сол тілде сөйлейтін халықтың мәдени өмірімен, оның ішінде күнделікті тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, т.с.с. мәліметтерімен таныстыра отырып, екінші тілді меңгеруде жетістікке жетуге болатыны мойындалып отыр. Екінші тілді үйретуде оқытушыға артылатын жауапкершілік те зор. Себебі оқытушы алдымен мәдениеттердің алуан түрлілігіне мән бере отырып, оқу бағдарламасына сәйкес тапсырмалар құруда әрбір аспекті бойынша мәдени элементтерді нақтылап, тіл үйренушінің мәдени кедергілерді жеңуіне көмектесуі қажет, осы орайда оқу іс-әрекетінде оқытушы алдымен тиісті оқыту стратегиясын айқындап, қолдануы қажет. Тіл мен мәдениеттің өзара қатынасы кез келген тілді оқытуда маңызды рөл атқарады. Мәселен, қазақ тілінде төрт түлік мал атаулары және олардың төлдері жасына, жынысына қарай түрлі атаулармен аталатындығы белгілі. Ал енді осы атауларды қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренушілерге жай ғана үйретіп қою мүмкін емес, себебі әрбір атаудың өзіндік мәні, мағынасы, оның астарында жатқан мәдени дерегі бар. Дәл осы сипат түрік тілін оқытуға да қатысты. Жалпы кез келген тілдің аса маңызды қызметінің бірі мәдениетті сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуі болып табылады. Демек, тіл жеке адамның, этникалық топтың, халықтың, ұлттың ұлттық мінезін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

*Зерттеу мақсаты* – түркі тілдерін оқыту контекстінде мәдениет компонентінің өзектілігін айқындау, соған сәйкес қазақ және түрік тілдерінің оқулықтарына талдау жасау. Зерттеу барысында түркі тілдерін үйретуге арналған оқулықтар бойынша тіл үйренушіге ұлттық-мәдени лексиканы, соның ішінде зоонимдік лексиканы оқыту, оқулықта аталған бағыттағы мәтіндердің және тілдік дағдыны дамытуға арналған тапсырмалар мен жаттығулардың берілуі талданды, нәтижесі бойынша статистикалық талдаулар да көрсетілді. Зоонимдік лексиканы меңгерту арқылы тіл үйренушілердің тілдік дағдысын қалыптастыра

отырып, тіл иесінің мәдени өмірін танытудың, меңгертудің әдіс-тәсілдерін талдау, талқылау *зерттеу маңыздылығын* көрсетеді. *Зерттеу нәтижесінде* түркі халықтарының лексикалық қорындағы жан-жануарлар атауына қатысты ұғым-түсініктерді меңгерту, үйрету кезінде ұлт өмірінің мәдени дерегімен бірге қарастырылуы маңызды деген тұжырым жасалды.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Қазақ және түрік тілдерін оқыту бойынша неліктен зоонимдік лексика алынды? Зоонимдік лексиканы оқыту арқылы тіл үйренушілерге қандай әдіс-тәсілдер арқылы лингвомәдени ақпарат беруге болады деген мәселелер қарастырылды, сонымен қатар оқулықтарда зоонимдік лексика бойынша тілдік дағдыны қалыптастыру материалдары қалай беріледі, қандай тапсырмалар қамтылады деген сұрақтарға басты назар аударылды. Осы мақсатта қазақ және түрік тілдерін екінші тіл ретінде үйрету оқулықтары талдауға алынды. Атап айтқанда, Абнасырова Р.Ж., Нұрманова Г.Н., Дүйсебекова Ж.М. қазақ тілі және түрік тілі бойынша *Yedi İklim Türkçe (Йеди Иклим Түрікше С1)* оқулықтарының материалдары салыстырылып, талданады. Осыған сәйкес мақалада деректерді жүйелеу, салыстыру, статистикалық талдау тәсілдері қолданылады. Зерттеу барысында жасалған статистикалық талдауға сүйене отырып, зоонимдік лексиканың түркі тілдерін үйретуге бағытталған оқулықтарда қамтылу деңгейі шығарылды, сәйкесінше зерттеу нәтижесіне сай ұсыныстар жасалды.

Тіл мен мәдениет бір қарағанда екі түрлі бағыт сияқты көрінеді, бірақ олар бір-бірімен тығыз байланысты, бір-біріне әсер етеді деген ғалым Глисон тілдер тек мәдениеттердің өнімі ғана емес, сонымен қатар мәдениеттердің символы екенін атап өтті [1]. Осы бір пікірге сүйенсек, тілдің дамуы көбінесе мәдениетке байланысты әсер етеді, ал таным мен әдет-ғұрыптың модельдері көбінесе тілде нақты кодталады.

Зерттеуші Тансоулс: екінші тілді меңгеру бірқатар түрлі аспектілерді қамтиды, соның ішінде грамматикалық құзырет, коммуникативтік құзыреттілік, тілді меңгеру және мәдени түсіністік дегендерді атап, тіл меңгеруде «мәдени түсіністік» (мәдени түсіну) ұғымдарының маңызды екендігін ерекше атап өтеді [2]. Демек, екінші тілді оқыту бұл тек синтаксистік құрылымдарды немесе жаңа лексиканы үйрену ғана емес, сонымен қатар мәдени элементтерді де қоса меңгеру. Осы тұрғыдан келгенде оқулықтарда оқу мәтінінің мазмұнын байыту үшін мәдени деректер барынша қамтылу қажет, яғни тіл үйренушінің тілдік құзыреттілігін қалыптастырумен қатар мәдени құзыреттілігі де даму қажет. Осы орайда, тілді оқытудағы мәденитанымдық бағыт дегенміз не, тіл мен мәдениеттің сабақтастығы қаншалықты маңызды деген мәселеге тоқталған жөн.

Мәденитанымдық аспекті бағытындағы оқыту пәнінің негізі туралы ғалым Қ. Қадашева «үйретілетін тілдің мәденитанымдық тақырыптарын іріктеп, оқу үдерісінде осы тілде қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігін шешуге арналған білім беру», - деп тұжырымдайды [3, 55-б.]. Сонымен қатар тіл үйренушінің мәденитанымдық материалдарды өз ана тіліндегі материалдармен салыстыруы тілді тез үйрену және түсіну нәтижесіне жеткізетіндігін атап өтеді. Ғалымның тұжырымдауы бойынша мәденитанымдық бағытта оқыту дегеніміз – тілді оқыту үдерісінде арнайы іріктелген тілдік мәліметтер арқылы сол тілді тұтынушы халықтың тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениеті, рухани құндылықтары жайлы мәлімет бере отырып, тілді қатысымдық бағытта оқыту әдістемесі [3, 10-б.]. Яғни, үйретілетін тілде қарым-қатынас құзыреттілігін қалыптастыру, ұсынылған тақырып аясында тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануға қажетті дағдыларды игерту.

Қазақ тілін оқыту үдерісінде мәденитанымдық бағытта оқытудың әдістемелік негіздерінің анықталуы аса маңызды. Білім берудің мәденитанымдық бағытта оқытудың әдістемелік негіздері – әлеуметтің мәдени негіздерінің бір саласы болып табылады. Сонда мәдениеттану ұстанымдары мен заңдылықтары білім беру саласына да тән болып келетінін байқаймыз. Жаңа тілді үйренуші өзіне дейін жинақталған мәдени мұраны игеруге ұмтылады.

«Тіл және мәдениет» бағытының теориялық және әдістемелік негіздерін анықтауда шетелдік және отандық ғалымдардың, атап айтқанда Н.Г. Комлев, О.С. Ахманова, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, Т.Д. Томахиннің, қазақ тіл білімі бойынша Н. Уәли, Г. Сағидолда, А. Ислам, Г. Смағұлова, Р. Авакова, Қ. Қадашева, т.б. еңбектерінің маңызы зор.

Е.И. Пассов «мәдениет тіл арқылы, тіл мәдениет арқылы» деген жаңа концепция ұсынды. Бұл тілді мәдениетпен байланыстыра оқытудың өте тиімді, пайдалы екендігін көрсетеді [4, 17–18-бб.].

Г. Смағұлова «лингвомәдени рема», А. Алдашева «лингвокультурема» деп атаған компоненттер – қазақ сөздерінің бойындағы қазақ мәдениетін білдіреді десек, олардың қазақ тілін оқыту әдістемесінде де қолдануға болады деп ойлаймыз. Мәдениет тілін меңгере отырып, кез келген адам сол аксиологиялық жүйенің ғана емес, этномәдени қоғамдастықтың да мүшесіне айналады, өйткені академик Ә. Қайдар: «Мәдениет жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым», - деген [5, 219-б.].

Р. Авакова: «Бір этностың мәдениеті екінші этносқа оның тілі арқылы танылады. Ал тілдік таңбалар рухани және материалдық мәдениетті сипаттаушы таңбалар жиынтығы. Тілдегі бірліктер халықтың дүниетанымы, болмысы, рухани мәдениеті, сол халықтың тіршілігінен, өмір сүрген ортасынан, менталитетінен, психологиясы мен әлеуметтік саяси көзқарасынан мағлұмат беретін ұлттық құбылыс болып табылады», - деп тұжырымдайды [6, 11-б.].

Мәдениет, ұлттық менталитет құндылықтарының түп негізі тіл қасиетінде көрініс табады. Тілдің құдыретімен бейнеленіп, шынайылықты танытады. Осы тұрғыда әр халық тілінде өзі жасаған және табиғат дарытқан ұлттық мәдениеттің ізі бар деуге болады. Бұл тіл мен мәдениеттің тоғысуы жолын көздеген лингвомәдениеттану пәнінің негізі болмақ. Тіл тек мәдениетті танушы құрал ғана емес, тілдің бойында оның (мәдениеттің) арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш анықталады. Тіл рухының ұлы күші халықтың ой танымына, мінез құлқына сай табиғатын қалыптастыруы, өз танымына сай өмір салтын қалыптастыруы тұтастай бір мәдениеттің дүниеге келуінің үлкен себепшісінің бірі [7, 8-б.].

Әр халықтың ұлттық дамуын, оның тіршілігін тіл ғана айшықты көрсетеді. Әрбір тіл – халық мәдениетінің қазынасы. Ол мәдени құндылықтарды лексикасында, грамматикасында, мақалдары мен қанатты сөздерінде және т.б. сақтайды. Сонымен бірге тіл осы ұлттық құндылықтарды жеткізуші және сақтаушы. Тіл – мәдениеттің қаруы және құралы. Бүгінде заман ағымына қарай «тіл және мәдениет» деп аталатын жаңа бағыт қалыптасты. Тілді мәдениеттен бөліп оқытудың мүмкін емес екендігі өзінен-өзі түсінікті. Тіл қарым-қатынас құралы болса, қарым-қатынас тілі – сол тілді қолданушының мәдениетін, мәдени білімін танытатын құрал болып табылады [3, 56-б.].

Тілді оның мәдениеті арқылы оқыту бойынша жоғарыда атап өткен ғалымдардың пікірі түрік ғалымдарының да тұжырымдарымен сабақтасып жатқандығын байқауға болады. Тілді оқытудың жаңа бір бағытын мәдениетаралық тәсіл деп таныған ғалым Н. Тапан: «Шет тілдерін үйрену тек сөздердің мағынасын немесе таным ережелерін зерттеу ғана емес. Шет тілін үйрену дегеніміз – түсіну, әлеммен және басқа адамдардың мәдениетімен танысу. Бейтаныс нәрсені түсінуге және шешуге тырысу оқушыға білім мен ойдың байлығын береді және оның әлемге деген көзқарасын кеңейтеді», - деп тұжырымдайды [8, 156-б.]. Осыған ұқсас пікірді ғалым Исчанның келесі пікірінен байқауға болады: «шетелдіктерге түрік тілін оқыту түрік мәдениетін үйрету мақсатын көздейді. Себебі тіл – мәдениеттің берілуі. Түрік тілі шет тілі ретінде, ана тілі ретінде оқытудың күрделі аспектісімен ерекшеленеді, өйткені

түрік тілін үйренетін шетелдіктер түркі мәдениетінен алыс. Шет тілін үйренетін адам осы тілдің мәдениетіне енеді» деп тұжырымдайды [9, 32-б.].

Түрік тілін шет тілі ретінде оқытудағы мәдениет тұжырымдамасы туралы зерттеуші Байюрттың пікірі мынадай: «Шет тілдерін оқытудағы мәдениет тұжырымдамасының орны мен маңыздылығын түсіндіру үшін осы салада тиімді екі негізгі пікірді қарастыру және зерттеу қажет. Бірінші пікір: шет тілдерін оқытуда оқытылатын шет тілі мәдениеті де шет тілдерін оқытудың бір бөлігі болып табылады. Мәдениетті шет тілдер класына қосуды қамтитын екінші пікір, осы тілді үйренушілердің талаптарын, жергілікті мәдениетті, лингвистикалық сәйкестікті және тілді үйрену шарттарын ескере отырып, оқытылатын шет тілінің мазмұнына сыни қарау керек пе деген пікірді ұстанады [10, 32–33-б.].

«Тіл және мәдениет» бірлігінде тілді оқытуға, меңгертуге байланысты әр түрлі елдердегі ғалымдардың зерттеу жұмыстары арналған. Жоғарыда атап өткен еңбектердің барлығы шет тілін оқытуды мәдениетпен сабақтастырудың нәтижелі жетістігін мойындайды, яғни лингвистика мен мәдениеттану тоғысында білім беру, шет тілін үйрету бойынша ғалымдардың пікірі бір-бірімен үндесім тауып жатыр. Алайда, бүгінгі күні әдістемелік тұрғыдан қарастырсақ, тілді шет тілі ретінде үйретудің деңгейлік оқулықтары бойынша мәдени білім берудің деңгейі, соған сәйкес тапсырмалардың құрылымы, көлемі, жүйесі, тілдік және мәдени құзыреттілік қалыптастыру әлі де зерделей түсуді қажет етеді деп ойлаймыз.


### **Талдау мен нәтижелер**

Түрік зерттеушісі Барын мәтіннің тілдік және мәдени қызметі туралы: «мәдениетті әртүрлі материалдар арқылы беруге болатынын айтады. Түрік тілін шет тілі ретінде оқытуда қолданылатын мәтіндер мәдениетті берудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Сөздер бос таңбалар емес, олардың фонында мәдени әлем бар. Бұл мәдени әлем белгісіз болғанға дейін сөздерді толық түсіну мүмкін емес, осыған байланысты шетелдіктерге түрік тілін оқытудың негізгі қағидаларының бірі-мәдениетті тілмен бірге беру», - деп тұжырымдайды [11, 46-б.]. Мәтіннің мәдениеттанушылық бағытта талдау бойынша Л.А. Ходякова лингвомәдени талдау секілді түрін қалыптастырды. Оны автор «мәтінді тіл мен мәдениеттің өзара байланысына қарай талдау: мәтіннің семантикалық-құрылымдық элементтерін, барлық деңгейдегі тілдік бірліктерді анықтау; мәтіннің коммуникативті, әлеуметтік-мәдени, кумулятивті және эстетикалық функцияларын анықтау, мәтіннен мәдени лексикада бейнеленген тарихи-мәдени ақпаратты алу» деген анықтамамен түсіндіреді [12, 5-б.].

Мәдени танымдық мәтіндер оқу материалдарының негізін құрайды, ал тілдік тұлға осы мәтін ақпараты арқылы тілдік фактілерді бақылап, байқап, оны интерпретациялайды. Мәтінді тірек ету арқылы лингвистикалық, қатысымдық және мәдени танымдық құзыреттерді қалыптастыру және тілдің құрылымын тіл дамыту мен танымдық жүйенің бірлігін қамтамасыз етеді [3, 67-б.].


Тіл және мәдениет сабақтастығы негізінде тілді оқыту әдістемесі бүгінде барынша қарастырылып келеді. Соған сәйкес кез келген тілді (ана тілі болсын, шет тілі болсын) оқытудың лингвомәдени сипаты, лингвомәдени құзыреттілікті, мәдени тұлғаны қалыптастыру жолдары, тілдік дағдыны дамытумен қатар зерделеп отырған тіл иесінің мәдени өмірін танып-білу негізінде үйретудің тиімді жолдары ұсынылуда. Мақсатты тіл үйренуге арналған кез келген оқулықтың материалдарынан мәдениет компонентін кездестіре аламыз. Оларды өз ішінде тақырыптық топтарға бөліп те қарастыруға болады. Мақаланың зерттеу нысанына сәйкес қазақ және түрік тілінің деңгейлік оқулықтарындағы білім мазмұны, материалдардың берілуі «тіл және мәдениет» бірлігіне негізделу мәселесі зоонимдік лексика негізінде талданады. Алдымен, қазақ және түрік тілдерінің оқулықтары

бойынша зоонимдік лексиканың оқулықтарда қамтылуы деңгейіне және зоонимге қатысты мәтін түрлеріне назар аударайық (1, 2-суреттер).




**1-сурет – Зоонимдік лексиканың оқулықтарда қамтылуы деңгейі және зоонимге қатысты мәтін түрлері**

Тіл үйренушіге мәдени-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруда мәтіннің қызметі ерекше. Алайда, түркі тілдерінің деңгейлік оқулықтарында жануарлар әлеміне байланысты ұлттық, мәдениеттанымдық мәтіндер және мәтіннің түрлері бойынша (негізгі, қосымша және түсіндірме мәтіндері) статистикалық талдау нәтижесінен тілді оның мәдениеті арқылы оқытуда жануарлар әлеміне қатысты мәтін түрлерінің оқулықта қамтылу деңгейі төмен екендігіне көз жеткізуге болады. Жануарларға байланысты фольклорлық мәтіндер (аңыз-әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестер) тілді оқытуға арналған оқулықтарда өте аз қамтылу мәселесі ғалымдар тарапынан да айтылуда.



**2-сурет – Зоонимге қатысты материалдардың берілуі**

Түркі халықтарының қай-қайсысында да жануарлар атауы «мәдениет элементі» қызметін атқарады десек те, олардың оқулықтарда белгілі бір грамматикалық тақырыпты игеруге, сол арқылы тілдік дағдыны қалыптастыруға, лексикалық қорын байытуға арналған мәтіндер және соларға сәйкес берілген жаттығулар, сөйлеу әрекетін дамытуға арналған қатысымдық тапсырмалар да аз қамтылған. Жан-жануарлар дүниесіне қатысты материалдардың берілуін талдау, синтездеу, іріктеу және жүйелеуге арналған сұрақтар, тапсырмалар мен жаттығулар деп топтастырып, оқулықтағы пайыздық деңгейін көрсеттік (3 диаграмма). Зоонимдерге қатысты мәтіндерге берілген тапсырмаларды да шығармашылық, практикалық, жобалық және практикаға бағдарланған деп қарастыра отырып, статистикалық талдау нәтижесі төмендегідей:



3-сурет – Зоонимге қатысты мәтіндерге берілген тапсырма түрлері

Демек, жоғарыда көрсетілген статистикалық талдаулардан шығатын қорытынды: қазақ және түрік тілдерінің оқулықтарында жануарлар әлеміне байланысты ұлттық, мәдениетанымдық бағыттағы оқу мәтіндері және соларға сәйкес орындалатын тіл дамыту тапсырмаларының да үлес салмағы төменгі көрсеткішті көрсетіп отыр. Талдауға алынған түркі тілдерінің оқулықтары бойынша зоонимге қатысты материалдардың берілуі бойынша екі тілдің көрсеткіші негізінде бірдей. Қазақ және түрік тілдерінің оқулықтарында жануарлар әлеміне байланысты ұлттық, мәдениетанымдық бағыттағы оқу мәтіндері және соларға сәйкес орындалатын тіл дамыту тапсырмаларының үлес салмағын көтеру мақсатында жұмыстар жүргізу керек деген ойдамыз.

Ендігі кезекте оқулықтағы мәтіндерге тоқталып өткенді жөн санадық. Мәселен, Абнасырова Р.Ж., Нұрманова Г.Н., Дүйсебекова Ж.М. авторлығымен жарияланған «Қазақ тілі» оқулығының 21-бөлімі *Өсімдіктер, жануарлар әлемі* деп аталады. Осы бөлімде оқылым дағдысын қалыптастыруға бағытталған Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасынан үзінді берілген. Мәтінде автор сөзі, төл сөз, төлеу сөздер қамтылған. Осыған орай оқылым мәтінін рөлге бөліп оқытуға да болады. Мәтін мазмұнымен танысу арқылы қазақша жыл қайыру туралы ақпарат алады. Мәтіндегі *қу түлкі, маңғаз түйе* ұғымдарымен танысады. Берілген үзінді арқылы *«Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыпты»* деген мақалдың шығу тегін таниды, сонымен қатар қазақтың *«түйедей бойың болса да, тышқандай ақылың жоқ»* деген



тәмсіл сөзінің мәнін ұғынады. Мәтін арқылы келесі тәлім-тәрбиелік өсиет беріледі: «*бойыңа сенбе, ойыңа сен, мақтан сөзге ерме, мағыналы тірлікке ер. Түйеге ұқсап орынсыз түксіе берме*», яғни бұл жерде қазақтың танымына сәйкес түйедегі қасиетті адамның мінез-құлқымен салыстырылып, түйеге ұқсамау туралы өсиет беріледі.

Мәтінмен жұмыс жасау барысында мәтіннің негізгі ойы қандай? Қазақша жыл қайыру дегеніміз не? Сіздің қазақша жыл санау бойынша жылыңыз қандай? Биыл қандай жыл? деген сауалдарға жауап береді [13, 101-б.]. Оқытушы осындай танымдық сұрақтар қоя отырып, тіл үйренушіні тілдік қатысымға бағыттайды. Сонымен қатар бұл жерде оқытушы тарапынан мүшел туралы, қазақтың мүшел жас деген лингвомәдени ұғымдары қосымша түсіндіруді қажет етеді.

Жазылым дағдысын қалыптастыру бойынша келесідей тапсырма берілген: *Өзіңіздің жылыңызды таңдап алып, сол жыл туралы жинақы мәтін дайындаңыз. Мәтін мазмұнында қамтылуы тиіс: сол жылдың қазақ тарихындағы орны; сол жылда дүниеге келген тұлғалар* [13, 102-б.]. Жануарлар мен өсімдіктер әлемі бойынша берілетін жазба жұмыстардың барлығында дерлік мәденитанымдық деректің қамтылуы сөз болады. Мәселен, келесі жазба жұмыстарының орындалу критерийлеріне назар аударайық: *Өз туған жеріңізде немесе тұратын жеріңізде ерекше ағаштар, таулар, табиғат құбылыстары бар ма? Түрлі ақпарат көздерін пайдаланып, «Әлемде талай қызық бар...» тақырыбында презентация дайындаңыздар. Презентация мазмұнында қамтылуы тиіс: ерекше өсімдіктер мен жануарлар, таулар мен өзендер; ерекше болуының себептері; орналасқан аймағы; халық танымындағы орны.*

Осы бөлімдегі келесі жазылым тапсырмасы: *Берілген ұғымдарға қатысты тұрақты сөз тіркестері, мақал-мәтелдер жазыңыз және мағынасын түсіндіріңіз.* Берілген сөздер: *қасқыр, аю, ағаш, түлкі, қой, жылқы, гүл* [13, 104-б.]. Осы тапсырма бойынша оқытушының бағыт-бағдар, үлгі көрсетуін маңызды деп санаймыз. Қасқырға байланысты тілімізде қалыптасқан мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер өте көп. Сонымен қатар оның түркі халықтары үшін қасқырдың киелі, тотемдік аң болу себебін де түсіндіріп өтуіміз керек. Неліктен қазақтар қасқырды тура атамай, *бөрі, шибөрі, итқұс*, т.б. деп атаған. Соған сәйкес тілімізде қалыптасқан тілдік бірліктердің мән-мағынасы қандай деген сауалдарды қойып, мәденитанымдық ақпарат берілуі қажет. Қажет болған жағдайда, қасқырға байланысты тұрақты сөз тіркестері мен мақалдардан мысалдар келтіре отырып, оның астарындағы этномәдени кодты ашуымыз керек. Түркі тілдерінің лексика фразеологиялық паремиологиялық қорын меңгертудің ең тиімді жолы олардың «тарихи мәдени кодына талдау жасау» деген ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, зоонимдік фразеологизмді түсіндіргенде тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған ақпараттар және оларды барынша ашу қажет.

Осындай тапсырмалардан кейін оқулықта берілген қосымша мәтіндердің тіл үйренушінің лексикалық қорын қалыптастыру, тіл байлығын дамыту мәтіндерінің маңызы зор. Мәселен, жоғарыда аталған тапсырмаларда қасқырға байланысты мақал, сөз тіркестерін жазу берілген болса, «*Біле жүріңіз*» айдарымен берілген мәтінде қасқырдың ерекшелігі, оның қасиетіне байланысты халқымыздың танымдық көзқарасты сипатталады. Мәтінді оқыған тіл үйренуші *қасқыр* атауымен қалыптасқан халықтың мәдени түсінігін таниды. Мәтін мазмұны төмендегідей:

*Бір қызығы, Қызыл кітапқа енген алғашқы жануар – қасқыр. Бұл жарлық Германияда қабылданды. Қасекең тәкаппар, кербез һәм дербестікті сүйеді. Қасқыр ең алдымен көзсіз батырлықтың символы. Кез келген айқаста қасқыр не жеңгенше, не өлгенше алысады. Қасқыр өлексе жемейді. Өз бойын, ағзасын таза ұстайды. Қасқырдың бөрісі үйір ішінде темір тәртіп орнататын, өзіне тиесілі аймақты жан-тәнімен қорғайтын, қол астындағы шабуылдаушысы бар жауынгерлерді бір мақсатқа жұмылдыра білетін, бөлтіріктер мен әртүрлі шаруаға міндетті ірілі-ұсақ қасқырларды әділ басқаратын – Қаған. Сондықтан*

*біздің текті бабаларымыз қасқыр табиғатын жақсы білгендіктен, өз тайпаларындағы өмірді бөрінің басқару стиліне ұқсастырып отыруға тырысқан деп ойласақ қателеспейміз. Тағы бір штрих. Қасқыр ешқашан үрмеиді. Ол тек ұлиды. Ал оның ұлуы нені білдіретінін ғылым сан саққа жориды [13, 108-б.].*

Осы мәтінді оқу арқылы тіл үйренуші түркі халықтары үшін *қасқыр* - батырлықтың символы екендігін таниды. Сонымен қатар мәтінде берілген қасқырға қатысты басқа да *бөрі*, *бөлтірік* атауымен танысады.

Жоғарыда атап өткен «Қазақ тілі» оқулығындағы «Жануарлар әлемі» деген тақырып бойынша түрік тілінің оқулығындағы тапсырмаларды қарастырайық. Түрік тілінің Yedi İklim Türkçe C1 оқулығы бойынша 4-тарау *Canlılar Alemi* (Жандылар әлемі) деп аталады. Осы бөлім бойынша «*Hayvanlar Alemi*» (Жануарлар әлемі) деп аталатын оқылым мәтіні беріледі. Жалпы мәтін мазмұны жануарлардың ерекшеліктеріне арналады. Мәтінмен танысқаннан кейін сұрақтар берілген [14, 74–75-бб.]. Тыңдалым дағдысын қалыптастыру жұмысы бойынша «*Hayvan Davranışların İnsandaki Görünümleri*» деп аталатын мәтін тыңдалады, тыңдалым мәтіні бойынша жануарларға тән қасиеттер беріледі, соның қандай жануарға тән екенін жазу қажет (бұл жерде түрік халқының жануарларды тануы), сонымен қатар тыңдалым мәтіні бойынша фразеологизмдерді жазу. Жануарлардың атауының тірек болуымен түрік тілінде қалыптасқан зоофразеологизмдердің жағымды және жағымсыз мағынада қолдануын ажыратып жазу.

Жазылым дағдысын қалыптастыру мақсатында қысқаша мәтін жазу бойынша тапсырма. Бұл жерде тірек сөздер беріледі, яғни жануарларға тән қасиеттерді көрсете отырып, мәтін құрастыру қажет [14, 76-б.].

Сөйлеу дағдысын қалыптастыру бойынша осы бөлімде «*Aslan payı*» деп аталатын мәтін тыңдалады. *Aslan payı* – бұл тұрақты тіркес. Сондай-ақ зоофразеологизмдер беріледі, тіл үйренушілер тыңдалған мәтін бойынша мағынасын жазып, өздерінің ана тілінен де осындай тұрақты тіркестерден мысалдар айтуы қажет (салыстыру).

Тапсырма: *Aşağıdaki deyimlerin anlamını dinleme metnine göre açıklayınız. Siz de kendi dilinizin deyimlerinden örnekler veriniz:*

*Dört ayak üstüne düşmek*

*Aslan payını almak*

*Maymun iştahlı olmak*

*Koyun gibi davranmak* [14, 77-б.].

«*Bunları biliyor muydunuz* айдары» бойынша *Van kedisi*, *Kelaynak* туралы ақпараттық мәтін беріледі және *Aptal Puma sendromu* атты түсіндірме мәтіні беріледі. Жануарлар әлемі бойынша түрік тілін оқытуда берілген мәтіндер жануарлар әлемінің ерекшелігін танытуға бағытталған. Олар ақпараттық, мәдени, танымдық негіздерден тұрады. Сонымен қатар жазылым, тыңдалым дағдысын, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру бойынша да тапсырмалар қамтылған және түрік халқының жануарларға қатысты қолданылатын фразеологизмдері мен мақал-мәтелдерін таныту, мағынасын түсіндіру бойынша да көптеген тіл дамыту, мәдени құзыреттілікті қалыптастыру бойынша біршама жазба жұмыстар да берілген.

Қазақ тілінің оқулығында «*Біле жүріңіз*» айдары бойынша *қасқырға* байланысты мәтін берілсе, түрік тілі оқулығында *tau жолбарысы* туралы мәтін берілген. Мәтін тақырыбы фразеологизмге құрылған яғни *Aptal Puma Sendromu* (сөзбе-сөз аударсақ, ақылсыз пума синдромы). Мәтін түрік тілінде аталған тіркестің мәні және ол адамның қандай қасиетін сипаттау барысында айтылғандығын түсіндіреді. Жануардағы қасиет пен адам қасиеті салыстырылып, тіркестің қалыптасу мотивін танытады. Мәтін мазмұны төмендегідей:

*Pumayı bilirsiniz. Hani vahşi kedilerin uzak atalarından. Yaklaşık iki metre uzunluğundaki banekli yurtıcı. Birçok özelliği ile ünlüdür bu ormanların harika kedisi. Ama en çok da hızlı ve kıvrak koşusu ile tanınır. Avının peşine düştüğü andan itibaren giderek hızlanan, vücudunun tüm*

*eklem ve kaslarını ortaya koyan pumayı seyretmek ayrı bir heyecan verir. Bu ölüm koşusu bazen pumanın, bazen de hayatı için koşan kurbanın zaferi ile sonuçlanır.*

*Peki bir puma, avının peşinden ne kadar koşar? İşte ormanların vahşi avcısını, uygarlıkların kurucusu insana örnek yapacak olsın da pumanın bu özelliğidir. Puma, avının peşinden sürdürdüğü «ölüm koşusu»nu her zaman, avının cüssesine göre ayarlar. Yani bir ceylanı avlamak için koştuğu süre ile bir tavşanı yakalamak için harcadığı süre asla aynı değildir. Çünkü puma akıllı bir hayvandır va koşarken harcadığı enerji miktarı, avdan elde edeceği enerji miktarını aştığı anda puma koşmaktan vazgeçer. Yenilgiyi kabul edip başka bir av arar. Bu nedenle ceylanın peşinden fazla, tavşanın peşinden çok daha az koşar.*

*İşte «Aptal Puma Sendromu», bunun tersini yapan insanların ruh halini ifade etmek için, yani bir tavşanın peşinden yıllarca koşan, sonra da yakaladığı avı bir öğünde bitiren akılsızlar için kullanılır. Başarının sırrı pumalıktan, yani «harcanan ekmek – ulaşılan sonuç» ilişkisini dengelemekten geçiyor [14, 90-б.].*

Мәтінде түрік тілінде басқа да жануарлар атауы берілген, яғни *tavşan, ceylan. Tay жолбарысының* қасиетін сипаттай отырып, жануардың бойындағы қасиеттің теріс көрінісін жасаған адам бойындағы қасиет салыстырылады. Нәтижесінде түрік халқындағы «*harcanan ekmek – ulaşılan sonuç*» (*еткен еңбек – қол жеткізген нәтиже мағынасында*) мақалының мәні ашылады.

Түркі зоонимдерін лингвомәдени аспектіде оқыту, тіл үйренуде қолданудың басты мақсаты мәдени-тілдік ерекшеліктерді таныту, айқындау, сол арқылы тіл үйренуші зерделеп отырған тіл иесінің мәдениетімен танысу.

Жануарлар дүниесіне байланысты лингвомәденитанымдық мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлерін тиімді ұйымдастыру тіл үйренушілердің ауызекі сөйлеу тілін дамытуға, ой-өрісі мен дүниетанымын жетілдіруге, алған теориялық білімдерін іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік береді, сонымен қатар үйреніп отырған тіл арқылы сол елдің мәдениеті жөнінде білім қорын қалыптастырады. Жаңа бір тілді үйрену кезінде мәтін және мәтінмен бірге орындалатын тапсырмалар, жаттығулардың маңызы ерекше. Мақсатты тіл үйренушілердің деңгейіне сәйкес түркі тілдерін оқып үйрету оқулықтарындағы жануарлар әлеміне байланысты мәтіндер, тілдік дағды мен мәдени құзыреттілікті қалыптастыру қатар жүретін үрдіс болуы қажет. Біз талдаған оқулықтарда, зоонимдерге байланысты лингвомәденитанымдық мәтіндер және оларға құрылған тапсырмалар мен жаттығулар өте аз болды. Сондықтан тілді меңгеру деңгейіне сәйкес келесі мәтін түрлерінің түркі тілдерін үйрету оқулықтарында қамтылуын жөн санаймыз:

- *Жануарлар әлеміне байланысты ертегілер, аңыздар;*
- *Ұлт өмірінің мәдениетімен байланысты танымдық әңгімелер, ақпараттық мәтіндер;*
- *Жануарларға байланысты түркі халықтарының наным-сенімдері, салт-дәстүрлері бейнеленген түсіндірме мәтіндер;*
- *Жануарлар атауының тірек болуымен тілде қалыптасқан нақыл сөздер, мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестері және олардың мағынасын ашу, тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған ақпаратты айқындау*

Осы аталған мәтіндерге қатысты тапсырмалар мен жаттығу жұмыстарын қатысымдық дағды қалыптастыруға бағыттау қажет.

Кез келген тілді оқытудағы мақсат тілді дамыту, меңгерту, жүйелі үйрену болып табылады, соңғы жылдары тіл үйретудің әдістемесінде белгілі бір тілді сол тілдің сөздік қорында сақталған тілдік бірліктері арқылы тіл иесін танып-білуге, мәдени өмірімен танысуға бағыттап оқыту қарқын алды, яғни тіл арқылы мәдениет, мәдениет арқылы тілді оқыту. Тіл үйренушілерге этномәдени лекиска (сөздер, сөз тіркестері, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, ұлттық, танымдық, мәдени мәтіндер, т.б.) арқылы тілдік код пен мәдени

кодқа талдау жасай отырып, тілді меңгерту екінші тілді оқыту әдістемесінде жетістікке, нәтижеге бағыттайтын ең ұтымды тәсіл болар еді.

Қазақ тілі де, түрік тілі еуропалық тілдік оқыту стандарты негізінде деңгейлеп оқытуға арналып дайындалған. Сонымен қатар тілді оқытуда мәденитанымдық бағыт басты назарға алынуда. Тіл үйренушіге ұлттық мәдени лексиканы, соның ішінде зоонимдік лексиканы оқыту бойынша келесі әдістемелік ұстанымдар негізге алынған: *коммуникативтік бағыт, мәденитанымдық ұстаным; интеграциялық.*

Демек, түркі тілдерін оқыту кезінде лингвомәдени бірлік ретінде зоонимдік лексиканы оқытудың маңыздылығы:

- Тіл үйренушінің лингвомәдени құзыреттілігін арттырады;
- Сөйлеу дағдысын қалыптастырады;
- Грамматикалық білімді меңгереді;
- Лексикалық қорды байытады;
- Өз тілінің мәдени дерегімен салыстырады;
- Ұлттың мәдени өмірі туралы білім қорын қалыптастырады.

Бұл пікірімізге жоғарыда талданған оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыруға бағытталған материалдар негіз болды.

### **Қорытынды**

Жануарлар дүниесіне байланысты лингвомәденитанымдық мәтінмен жүргізілетін жұмыс түрлерін тиімді ұйымдастыру тіл үйренушілердің ауызекі, сөйлеу тілін, жазылым дағдысын дамытуға, ой-өрісі мен дүниетанымын жетілдіруге, алған теориялық білімдерін іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік береді, сонымен қатар үйреніп отырған тіл арқылы сол елдің мәдениеті жөнінде білім қорын қалыптастырады. Барлық мәдени құндылықтар мәтіннен табылады. Сондықтан, түркі тілдерінің лексикалық қоры бойынша зоонимдік лексика тіл үйрету оқулықтарында барынша мол қамтылуы қажет. Біз талдаған оқулықтарда және оның тысында басқа да деңгейлік оқулықтарды қарастырғанымызда жануарлар әлеміне қатысты ұлттық, мәденитанымдық, тәлім-тәрбиелік, жалпы ұлт өмірінің кез келген сипатын таныту тұрғысында оқу мәтіндерінің, соған сәйкес тілдік дағдыны меңгерту жаттығулары мен тапсырмаларының өте аз қамтылғанына көз жеткіздік. Деңгейлік оқулықтар бойынша білім мазмұнына сәйкес зоонимдік лексика және соған сәйкес тапсырмалар да мәденитанымдық бағытта құрыла отырып, түркі тілдерін оқыту, үйрету оқулықтарында көбірек қамтылса деген ұсыныс білдіреміз. Себебі біздің тарихымыз, мәдениетіміз, салт-дәстүріміз, әдет-ғұрыптарымыз, жалпы күнделікті тіршілігіміз жан-жануарлар дүниесімен тығыз байланыста өрбіді. Көшпелі мәдениет, мал шаруашылығы, тотемдік аңдар, оған байланысты наным-сенімдер бұлардың барлығы зоонимдік кодтың негізін құрайтын лингвомәдени ақпарат. Лингвомәденитанымдық бағытта тілді оқыту дегеніміз тілдік таңбалар арқылы кодқа салынған ақпараттар және оларды ашу болып табылады.

Қорыта айтқанда, түркі тілдерін оқыту әдістемесінде зоонимдік лексиканың маңызы зор, себебі жануарлар әлемімен байланысты түркі тілдерінде қалыптасқан әрбір сөз, сөз тіркесі, тақырыпқа сай мәтіндер түркілік мәдениет семантикасының көрсеткіші, яғни «мәдениет элементі» қызметін атқарады. Сондықтан жануарлар дүниесіне қатысты әрбір лексикалық бірлікті үйрету, тіл және мәдениет бірлігі тұрғысында оқыту тіл үйренушінің лексикалық қорын дамытумен қатар ұлттың мәдени өмірі туралы білім қорын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл бір жағынан мәдениет арқылы тілді оқыту болса, екінші бір жағынан құндылыққа бағдарланған білім беру мазмұнына да сәйкес келеді.

*Мақала ҚР БҒМ-інің 2020–2022 жылдарға арналған (№ АР08856398) «XXI ғасырдағы түркі әлемінің интеграциясы: қыпшақтық фактордың лингвистикалық аспектілері» гранттық жобасы аясында дайындалған.*

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Gleason H.S. An Introduction to Descriptive Linguistics. Printed in the United States of America. Henry Holt and company New York, 1961. – 389 p.
2. Thanasoulas D. The importance of teaching culture in the foreign language classroom // Radical Pedagogy, 2001 [Electronic resource]. URL: [http://radicalpedagogy.icaap.org/content/issue3\\_3/7-thanasoulas.html](http://radicalpedagogy.icaap.org/content/issue3_3/7-thanasoulas.html)
3. Қадашева Қ., Асанова, У.О., Ашиқбаева, Б.Г. Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі (түркі тілдерінде сөйлейтіндер үшін). – Алматы: Кантана-пресс, 2012. – 400 б.
4. Пассов Е.И. Коммуникативное иноязычное образование как развитие индивидуальности в диалоге культур. – М.: Просвещение, 2000. – 161 с.
5. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. -304 б.
6. Авакова Р.Ә. Фразеологиялық семантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 152 б.
7. Асыллова Р.О. Аңшылық пен саятшылыққа қатысты атаулардың лингвомәдени мазмұны: ф.ғ.к. ... дисс. автореф. – Алматы, 2009. – 24 б.
8. Tapan N. Yabancı Dil Olarak Almanca Öğretiminde Yeni Bir Yöneliş: Kültürlerarası-Bildirişim-Odaklı Yaklaşım // Alman Dili ve Edebiyatı Dergisi, 1995. – S.149–167.
9. İşcan A. Türkçenin Yabancı Dil Olarak Önemi // Uluslararası Avrasya Sosyal Bilimler Dergisi, 2011, S.2(4). – S. 29–36.
10. Bayyurt Y. Türkçenin Yabancı Dil Olarak Öğretiminde Kültür Kavramı ve Sınıf Ortamına Yansıması Yaylı D ve Bayyurt Y (Ed.). Yabancılar Türkçe Öğretimi Politika Yöntem ve Beceriler. – Ankara: Anı Yayıncılık, 2014.
11. Varın E. Yabancılar Türkçe Öğretiminde İlkeler // Türk Yurdu, 286, 2011. – S. 44–47.
12. Ходякова Л.А. Лингвокультурологический анализ текста на уроке-проекте // Русский язык в школе. – 2012. – №4. – С. 3–10.
13. Абнасырова Р.Ж., Нұрманова Г.Н., Дүйсебекова Ж.М. Қазақ тілі. – Алматы: Үш қиян, 2018. – 182 б.
14. İbrahim Gültekin, Mahir Kalfa, İbrahim Atabey, Filiz Mete, Aydan Eryiğit, Uğur Kılıç Yedi İklim Türkçe C1, Yunus Emre Enstitüsü. Ders kitabı. – Ankara, 2015. – 203 s.

REFERENCES

1. Gleason H.S. An Introduction to Descriptive Linguistics. Printed in the United States of America. Henry Holt and company New York, 1961. – 389 p.
2. Thanasoulas D. The importance of teaching culture in the foreign language classroom // Radical Pedagogy, 2001 [Electronic resource]. URL: [http://radicalpedagogy.icaap.org/content/issue3\\_3/7-thanasoulas.html](http://radicalpedagogy.icaap.org/content/issue3_3/7-thanasoulas.html)
3. Kadashova K., Asanova U.O., Ashikbaieva B.G. Kazak tilin tuys til retinde okuty adistemesi (turki tilderinde soileitinder ushin) [Methods of teaching Kazakh as a relative language (for speakers of Turkic languages)]. – Almaty: Kantana-press, 2012. – 400 b. [In Kazakh]
4. Passov E.I. Kommunikativnoe inoyazychnoe obrazovanie kak razvitie individualnosti v dialoge kultur [Communicative foreign language education as the development of individuality in the dialogue of cultures]. – M.: Prosveshenie, 2000. – 161 s. [In Russian]
5. Kaidar A. Qazaq tilinin ozekti maseleleri [Actual problems of the Kazakh language]. – Almaty: Ana tili, 1998. – 304 b. [In Kazakh]
6. Avakova R.A. Fraseologialyq semantika [Phraseological semantics]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2002. – 152 b. [In Kazakh]
7. Asylova R.O. Anshylyq pen saiatshylyqqa qatysty ataulardyn lingvomadeni mazmyny [Linguistic and cultural content of names related to hunting and hunting]: f.g.k. diss. avtoref. – Almaty, 2009. – 24 b. [In Kazakh]

8. Tapan N. Yabancı Dil Olarak Almanca Öğretiminde Yeni Bir Yöneliş: Kültürlerarası-Bildirişim-Odaklı Yaklaşım [A New Direction in Teaching German as a Foreign Language: An Intercultural-Communicative-Oriented Approach] // Alman Dili ve Edebiyatı Dergisi. – 1995. – S. 149–167. [In Turkish]
9. İşcan A. Türkçenin Yabancı Dil Olarak Önemi [The Importance of Turkish as a Foreign Language] // Uluslararası Avrasya Sosyal Bilimler Dergisi. – 2011. S. 2(4). – S. 29–36. [In Turkish]
10. Bayyurt Y., Yaylı D. Türkçenin Yabancı Dil Olarak Öğretiminde Kültür Kavramı ve Sınıf Ortamına Yansıması [The Concept of Culture and its Reflection in the Classroom Environment in the Teaching of Turkish as a Foreign Language] // Yabancılarla Türkçe Öğretimi Politika Yöntem ve Beceriler. – Ankara: Anı Yayıncılık, 2014. [In Turkish]
11. Barın E. Yabancılarla Türkçe Öğretiminde İlkeler [Principles of Teaching Turkish to Foreigners] // Türk Yurdu 286, 2011. – S. 44–47. [In Turkish]
12. Hodiyaqova L.A. Lingvokulturovedcheskii analiz teksta na uroke-proekte [Linguistic and cultural analysis of the text in the lesson-project] // Ruskii yazik v shkole. – 2012. – №4. – S. 3–10. [In Russian]
13. Abnasyrova R.J., Nurmanova G.H., Duisebekova J.M. Qazaq tili [Kazakh language]. – Almaty: Ush kiyan, 2018. – 182 b. [In Kazakh]
14. İbrahim Gültekin, Mahir Kalfa, İbrahim Atabey, Filiz Mete, Aydan Eryiğit, Uğur Kılıç (2015) Yedi İklim Türkçe C1 [Yedi İklim Turkish C1], Yunus Emre Enstitüsü. Ders kitabı. – Ankara, 2015. – 203 s. [In Turkish]